

АЛАҢҒА ШЫҚҚАН АЙГҮЛ

«Желтоқсан жібіткендей тас жүректі,
Желтоқсан тебіренгі жас жүректі.
Желтоқсан жаңғырығы құлақта тұр,
Десек те содан бері көп жыл өтті...»

Редакция тапсырма берген соң, уақыттың тығыздығын ескеріп, қиялға қанат байлап, бүгінде жалпы білім беретін Екібастұз қазақ орта мектебінің оқу ісінің меңгерушісі, математика пәнінің мұғалімі, сол жылдардағы астанамыз Алматыдағы ҚызПИ-дің 20 жасар студенті Айгүл Ерденқызы Ошимовамен жүздесуге асықтық. Бірде жадыраңқы, бірде тұйық мінезімен көзге жылы ұшырайтын Айгүлдің желтоқсан оқиғасының бел ортасында болғандығын бірлі-жарым әріптестері ғана естіген, көпшілік жаңа ғана құлақ түріпті.

-1986 жыл. Желтоқсан айы. Алматыда қақаған суық. Үшінші курсыта оқимыз. Бөлмелес құрбым Патшагүлге /ол Оңтүстік Қазақстаннан/ жалтақ-жалтақ қараймын. Әу баста ештеңе түссінбедім. Жатақхана іші абыр-сабыр. Жайшылықта күліп-жадырап, әндетіп жүретін қыздар көңілсіз. Бейне бір жер сілкінердей үрей сезіледі. Ешкім үндемейді.

Бақсақ, сыртқа шығармайды, есікті кілттеп, күзет, бақылаушы қойған.

-Шығуға рұқсат жоқ, тәртіп бұзғандар оқудан қуылады,-деп қорқытады.

Ептеп сұрастырсақ, қала жастары Брежнев алаңына шеруге шыққан көрінеді. Күтпеген жай. Жүрегіміз лүпілдеп кетті. «Неге бірінші хатшы Қазақстан азаматы емес?», «Неге демократия негіздері бұзылып отыр?»-деген сұрақтар мені де мазалап жүрген. Алайда, қоғамдағы әділетсіздікті сезгенмен қолдан келер шара жоқ. Темір құрсаулы саясат өз дегенін істеді. Расында Қазақстанды көп жылдар бойы басқарып кел-

тінің бірінші секретары/ Дінмұхамед Қонаев орнынан алынып, оның орнына Қазақстанға үш қайнаса сорпасы қосылмайтын Ресейдің бір өлкесінде хатшы қызметінде жүрген Колбиннің тағайындалғаны ашу-ызамамызды келтірді.

-Мен де қазақпын! Халықпен бірге болайық,-деп түйдім. Намыс қыз-қыз қайнап, жатақханадан сытылып шығудың амалын қарастырдық.

-Патшагүл, жүр комендантқа.

-Неге?

-Сосын көресің, тек басыңды изей бер.

-Барсақ баралық,-деді ол ойымды түсініп.

Комендантқа барып ойымызға келген сылтауды айтып сұрандық.

-Апай, бізді босатыңызшы!

-Жоқ, тырп етпеңдер!

-Алаңға бармаймыз.

-Енді қайда бармақшысыңдар?

-Ақшам бітіп қалып еді, туыстарымның үйіне барып келейін.

-Нанбаймын.

-Сенбесеніз, қолхат жазайын.

-Жарайды, қолхат жазып кетіңдер,-деді комендант аз да болса жібіп.

Кейін осы қолхаттың көмегі тиді.

Автобуспен, содан кейін жаяулатып көздеген жерге жеттік. Жантүршігерлік жазалау шаралары жалғасып жатыр екен. Көзге жас, көңілге қайғы ұялады. Теледидардан көрсетіп жүрген оқиғаның бірсыпырасын санамызға түйдік. Екі ғасыр Ресей империясының отары, 70 жыл бойы Кеңес Одағының қысымын көрген қазақ ұлты оянды. Ақыр соңында дәрменсіз үкіметі қарусыз жастарға қарулы күш қолданып, тағылық көрсетті. Қаншама өмір қыршынынан қиылып, қаншама арман гүлдей солды. Тірі қалғандары саяси қуғынға ұшырап, оқудан шығарылып, бас



«Мыңтомар» ауылындағы Михаил Махановтың жолдасы»,-деді Айгүл мұңайып.

-Мектепте осы тақырыпта оқушылармен қандай шаралар өткізіледі?

-Тәуелсіздік мерекесі күндері Қайрат Рысқұлбековтың тағдыры туралы көріністер, Ләззат пен Сәбираға арналған өлең-жырлар оқылып, әндер шырқалды. Тәрбие сағаттарында да желтоқсан боздақтары жиі еске алынады. Аракідік кездесулер болып тұрады. Ондағы мақсатымыз - оқушылардың жүрегіне отаншылдық, туған еліне деген сүйіспеншілік сезімін қондыру.

Иә, А.Е.Ошимованың ұран тастап алаң ортасына шықпаса да, үйде тығылып жатпай, ұлтжандылық танытуы нағыз қазақ қызына тән асыл қасиет деп түсінеміз.

Кайполла Лүйсенбайұлы.